



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 19 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 4 Ж Ы Л Ғ Ы 7 Қ Ы Р К Ү Й Е К**

**Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы за август 2004 жылғы тамызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	6 672,8	6 689,3
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5 938,7	5 938,7
Алтын	734,1	750,6
Ақша базасы, млрд. тенге	386,0	386,0
КЗТ/USD (кезең аяғында)	136,61	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	408,10	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы тамызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,3%-ке (немесе 18,8 млн. долл.) өсті. Ішкі валюта рыногында валюта сату, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру Ұлттық Банктегі Үкіметтің және банктік емес қаржылық емес ұйымдардың шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды, бұл таза валюта қорларының (ЕАВ) 17,9 млн. долларға төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,75%-ке өсуі нәтижесінде 36,7 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,2 %-ке, ЕАВ-мен таза активтер 0,3 %-ке төмендеді, алтынмен активтер 0,5 %-ке көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3 763,6 млн. долл.) қоса алғанда, 10 441,6 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 0,5 % болды.

2004 жылғы тамызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ұлғаюы ақша базасының 1,5%-ке (немесе 5,7 млрд. тенгеге) кеңеюіне себепші болды.